

ЖОБА

2020-2022 жылдарға арналған Бестамақ ауылдық округі бюджетін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 9-1 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Бестамақ ауылдық округі мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2020-2022 жылдарға арналған Бестамақ ауылдық округі бюджеті 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мына көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 117 723 мың теңге;

оның ішінде:

салықтық түсімдер – 6 173 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 90 мың теңге;

трансферттер түсімдері - 111 460 мың теңге;

2) шығындар – 117 723 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру – 0 мың теңге;

оның ішінде:

бюджеттік кредиттер - 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге;

оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы - 0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру - 0 мың теңге.

2. Бестамақ ауылдық округі бюджетінің кірісіне есептелетін болып ескерілсін:

салықтық түсімдер:

жеке табыс салығы;

жеке және заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер мүлкіне салық;

жер салығы;

көлік құралдарына салық;

мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер;

мүлікке салынатын салықтар.

3. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 4 желтоқсандағы «2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының 7 бабына сәйкес белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 42500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын,

салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2 651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 31 183 теңге;

4. 2020 жылға арналған ауылдық округ бюджетіне берілген субвенция көлемі - 71 960 мың теңге сомасында көзделді.

5. 2020 жылға арналған ауылдық округ бюджетіне республикалық бюджеттен келесідей ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

1) мемлекеттік органның күрделі шығыстарына – 500 мың теңге;

2) Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеуге – 39 000 мың теңге.

6. «Алға аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Алға аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

7. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Аудандық
мәслихатының сессия
төрағасы
М. Муратбаев**

**Аудандық
мәслихатхатшысы
Б. Жұмабаев**